

8D015-Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011100-Информатика) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Курманғалиева Нургуль Айтбаевнаның «Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) <u>Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</u></p>	<p>Диссертация тақырыбының ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын (2022 жыл 1 қыркүйек), Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және цифрлық саланы дамыту тұжырымдамасын (2021 жыл 30 желтоқсан, № 961), Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын (2022 жыл 24 қараша, №941), Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын (2021 жыл 26 ақпан, №521) басшылыққа алуымен сипатталады.</p> <p>Н.А.Курманғалиеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Ғылым және білім саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 6D011100-Информатика бағыты бойынша ұсынылған.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Зерттеу жұмысы педагогика ғылымының білімді ақпараттандыру саласының дамуына елеулі үлес қосады . <i>Біріншіден</i> , цифрлық педагогикалық университетті дамыту үшін ақпараттық технологияларды интеграциялауға негізделген цифрлық

			білім беру ортасын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерінің айқындалуы; <i>Екіншіден</i> , білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университетті қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленуі; <i>Үшіншіден</i> , цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру аясында цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөліктеріне интеграциялау үшін заманауи және тиімді технологиялардың іріктелуі.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертант Н.А.Курманғалиева диссертациялық жұмысты жазуда өз ұстанымын толықтай сақтаған. Жұмыс мазмұны түсінікті тілде баяндалған. Диссертанттың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары, барлық талданған ақпарат түсінікті әрі мағыналы және құрылымды сақтай білген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Теориялық және практикалық педагогикалық тәжірибені зерттеуді талдау нәтижесінде, бір жағынан, төртінші өнеркәсіптік технологиялардың пайда болуын ескере отырып, педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу, оқудан тыс, ғылыми-әдістемелік, оқыту нәтижелерін өлшеу және ұйымдастырушылық-басқару қызметтерін кешенді ақпараттандыру қажеттілігі және екінші жағынан, педагогикалық университеттің цифрлық білім беру ортасы түріндегі ақпараттық ресурстар мен технологияларды жүйелеуге педагогикалық тәсілдердің, сонымен қатар цифрлық педагогикалық университетке көшу бойынша және болашақ мұғалімдерді даярлауда цифрлық білім беру ортасының сапасын бағалау мен оны пайдаланудың теориялық тәсілдерінің жоқтығы арасында қарама-қайшылықтардың бар екенін көрсете келе, диссертацияның өзектілігі негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын айқындайды. Диссертация құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары, зерттеу нысаны мен пәні, зерттеудің мақсаты мен міндеттері ішкі бірлікке негізделіп орындалған. Зерттеу жұмысының материалдары зерттеу болжамын, жетекші идеяны көрсетеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация

		<p>тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p>	<p>тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты – білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру моделін теориялық негіздеу және оның тиімділігін тәжірибеден өткізу болып айқындалған.</p> <p>Зерттеу міндеттері аталған мақсатқа сәйкес анықталған, білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындау; білім беру қызметінің түрлерін ақпараттандыру технологиясын интеграциялауға негізделген цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру моделін құру; цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру аясында цифрлық білім беру ортасының компоненттерін интеграциялау үшін тиімді заманауи технологияларды іріктеу; білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру моделінің тиімділігін эксперименттен өткізу.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>Ғылыми зерттеуде алынған нәтижелердің бірізділігі, ұсынылған қағидалардың логикалық дәйектілігі байқалады. Ғылыми зерттеу қойылған міндеттерге қол жеткізуге бағытталған, жұмыста алынған нәтижелер ғылыми зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеудің құрылымы мен бөлімдері өзара логикалық байланысқан.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындау; оның құрылымдық-мазмұндық моделін құру; эксперимент нәтижелерін сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p>	<p>Зерттеу барысында автор теориялық және практикалық тұрғыда маңызды болып табылатын ғылыми нәтижелер алған және олар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Бірінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> Педагогикалық жоғары оқу</p>

		<p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>орны білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын біртұтас цифрлық білім беру ортасына интеграциялау одан әрі цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлаудың белсене түсуіне, білім алушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, оқыту үдерісіне қосымша әдістер мен құралдарды пайдалануға, оқытушылар мен университет қызметкерлерінің кәсіби қызметін төртінші өнеркәсіптік революция технологияларын және заманауи телекоммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, жүзеге асыруға тартуға, білім беру ресурстарының қолжетімділігі мен ашықтығын арттыруға жағдай жасайды, ал бұл болашақ педагогтарды даярлау сапасының артуына, олардың қажеттіліктері мен білім беруді цифрландырудың жүйеленген құралдарын пайдалана отырып, педагогикалық қызметті жүзеге асыруға дайындығына алып келеді.</p> <p><i>Екінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университетті қалыптастырудың ұсынылған құрылымдық-мазмұндық моделі ақпараттандырудың әртүрлі құралдарын біріктіруге және болашақ педагогтарды даярлау жүйесін қажетті сапалы заманауи ақпараттық ресурстар мен технологиялармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p> <p><i>Үшінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> Цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру аясында цифрлық білім беру ортасының компоненттеріне интеграциялау үшін төртінші өнеркәсіптік революция технологиялары іріктелді. Зерттеу барысында олардың негізінде әзірленген ақпараттық ресурстар цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөлігі болып табылады және педагогикалық ЖОО қызметінің сапасын арттыруға септігін тигізеді.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Зерттеу жұмысында жасалған қорытындылар толығымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Бірінші қорытынды жаңа</i>, себебі педагогикалық ЖОО білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын біртұтас цифрлық білім беру ортасына интеграциялау одан әрі цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру педагогтардың қажеттіліктері мен білім беруді цифрландырудың жүйеленген құралдарын пайдалана отырып,</p>

		<p>педагогикалық қызметті жүзеге асыруға дайындығына алып келеді. <i>Екінші қорытынды жаңа</i>, себебі цифрлық білім беру ортасының құрылымын көрсететін педагогикалық университеттің білім беру қызметін акпараттандыру технологияларын интеграциялауға негізделген цифрлық педагогикалық университетті қалыптастырудың ұсынылып отырған құрылымдық-мазмұндық моделі және болашақ педагогтарды оқытуда цифрлық ортаны пайдалану бойынша әдістемелік нұсқаулықтар тәжірибе жүзінде акпараттандыру технологияларын интеграциялауға мүмкіндік береді және болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесіне қажетті жоғары сапалы цифрлық ресурстармен және технологиялармен қамтамасыз етеді.</p> <p><i>Үшінші қорытынды жаңа</i>, себебі педагогикалық жоғары оқу орнының цифрлық білім беру ортасының ресурстары мен құрамдас бөліктерін әзірлеу және пайдалану барынша оқу материалдарын визуализациялау, оқытушылар мен білім алушыларды интерактивті өзара әрекеттесу құралдарымен қамтамасыз ету, оқытушылар мен университет қызметкерлерінің басым көпшілігінің цифрлық ресурстарға қол жеткізу мүмкіндіктерін арттыру мақсатында телекоммуникациялық, цифрлық және бұлтты технологияларды пайдалануға негізделген болашақ педагогтарды даярлау жүйесінің қажеттіліктерін ескере отырып, жүзеге асырылуы тиіс.</p>	
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста маңызды ұсыныстар жасалған. Педагогикалық университеттің білім беру қызметін акпараттандыру технологияларын интеграциялауға негізделген цифрлық педагогикалық университетті қалыптастырудың ұсынылып отырған құрылымдық-мазмұндық моделі және болашақ педагогтарды оқытуда цифрлық ортаны пайдалану бойынша әдістемелік нұсқаулықтар педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындарында педагогтарды даярлау үдерісінде, болашақ мамандардың цифрлық құзыреттілін арттыру және қайта даярлау курстарында пайдаланылуы мүмкін. Диссертациялық жұмыстың шешімдері заманауи технологияларға негізделген. Зерттеу барысында алынған нәтижелер, жоғары оқу орнының оқу процесіне ендіру актілері, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу нәтижелері және жарық көрген жарияланымдар зерттеу мәселесінің техникалық, технологиялық</p>

			жаңалығын растайды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу еңбегінде келтірілген қорытындылары дәлелдемелерде тәжірибелік-эксперименттік деңгейде негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Н.А.Курманғалиеваның диссертациялық жұмысында ұсынылған қағидалары толығымен дәлелденген:</p> <p>7.1 Диссертацияның негізгі қағидаларының дәлелділігі зерттеу барысында алынған нәтижелерінің талқыға түсуімен, сондай-ақ қорытынды жаңалықтарының әр деңгейінде ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу арқылы мақалаларының жинақтарында жарық көруімен, ғылыми басылымдарда жариялануымен расталған және нәтижелерінің тәжірибеге ендірілгендігін растайтын анықтамалардың қоса тіркелуі растайды.</p> <p>7.2 ЖОО білім беру қызметінің түрлерін ақпараттандыру технологиясын интеграциялауға негізделген цифрлық педагогикалық университет қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі дәлелденген және негізделген, тривиалды емес.</p> <p>7.3 Диссертациялық жұмыстың қорғауға ұсынған әрбір қағидасы жаңа болып табылады.</p> <p>7.4 Алдағы уақытта қолдану деңгейі кең.</p> <p>7.5 Иә, мақалаларда дәлелденген, зерттеу жұмысының қағидалары докторанттың 11 ғылыми еңбегінде көрініс тапқан, оның ішінде Scopus деректер базасына кіретін импакт факторлы ғылыми журналда 1 мақала, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала және халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдар жинақтарында 5 мақала және 1 әдістемелік құрал жарияланған.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану</p>	<p>Иә. Зерттеу мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері әдіснамалық тұғырлар мен қағидалардың жиынтығы ретінде нақты жазылған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты, болжамы мен міндеттерін шешу үшін зерттеудің теориялық, эмпирикалық әдістері және</p>

		арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелері пайдаланылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің болашақ мамандарды даярлау жүйесіндегі тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған .
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста пайдаланылған ғылыми әдебиеттер саны –149.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Зерттеу жұмысының теориялық маңызы бар. 1. «Цифрлық педагогикалық университет» түсінігінің нақтыланған, оны қалыптастырудың артықшылықтары мен даму бағыттары көрсетілген, цифрлық педагогикалық университетті дамыту үшін ақпараттық технологияларды интеграциялауға негізделген цифрлық білім беру ортасын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалған. 2. Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университетті қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген; 3. Цифрлық педагогикалық университетті қалыптастыру аясында цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөліктеріне интеграциялау үшін заманауи және тиімді технологиялары іріктелген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы	Зерттеудің практикалық маңыздылығы педагогикалық жоғары оқу

		бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) <u>жоқ</u>	орнында цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөліктерін құру, білім беру қызметінің түрлерін ақпараттандыру технологияларымен интеграциялау арқылы әзірленген құрылымдық-мазмұндық модель негізінде цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру, университет оқытушыларын цифрлық білім беру ортасының құрамдас бөліктерін әзірлеу үшін іріктелген ақпараттық және телекоммуникациялық ресурстарды пайдалануға бағытталған әдістемелік ұсыныстары болып табылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> ; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u>	Зерттеу жұмысында көрсетілген практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады және оларды педагогикалық бағыттағы жоғары оқу орындарында болашақ педагогтарды даярлау үдерісінде, болашақ педагогтардың цифрлық құзыреттілігін арттыру және қайта даярлау курстарында пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) <u>орташа</u> ; 3) <u>орташадан төмен</u> ; 4) <u>төмен</u> .	Диссертанттың академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Қорытынды: 8D015-Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (6D011100-Информатика) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Курманғалиева Нургуль Айтбаевнаның «Білім беру қызметін ақпараттандыру технологияларын интеграциялау негізінде цифрлық педагогикалық университет қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық аяқталған ғылыми жұмыс деп есептеймін.

Диссертациялық жұмыс ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелерді беру қағидаларында» көрсетілген талаптарына сәйкес келетіндіктен, Курманғалиева Нургуль Айтбаевнаны философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп санаймын.

Рецензент:

«Ғылыми ақпараттандыру орталығы» ЖШС
директоры, педагогика ғылымдарының
докторы, доцент, Қазақстан жаратылыстану
ғылымдары Ұлттық Академиясының академигі



Тажигулова А.И.